

"Мемлекеттік органдардың байланысты басқару орталықтарымен өзара іс-қимылда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде байланыс желілерін басқару жүзеге асырылатын басқару орталықтарының тізбесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 347 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 қазандағы № 679 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік органдардың байланысты басқару орталықтарымен өзара іс-қимылда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде байланыс желілерін басқару жүзеге асырылатын басқару орталықтарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 347 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 15, 187-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері төнген немесе туындаған, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кезде үкіметтік және президенттік байланысты, шұғыл қызметтердің желілері мен байланыс құралдарын қоспағанда, уәкілетті органмен өзара іс-қимылда байланыс желілері мен құралдарын басымдықпен пайдалануға, сондай-ақ олардың қызметін тоқтата тұруға құқығы бар мемлекеттік органдардың тізбесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері төнген немесе туындаған, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кезде үкіметтік және президенттік байланысты, шұғыл қызметтердің желілері мен байланыс құралдарын қоспағанда, уәкілетті органмен өзара іс-қимылда байланыс желілері мен құралдарын басымдықпен пайдалануға, сондай-ақ олардың қызметтерін тоқтата тұруға құқығы бар мемлекеттік органдардың тізбесі бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік органдардың байланысты басқару орталықтарымен өзара іс-қимылда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде байланыс желілерін басқару жүзеге асырылатын басқару орталықтарының тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 25 қазандағы

№ 679 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 13 сәуірдегі
№ 347 қаулысымен
бекітілген

Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері төнген немесе туындаған, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кезде үкіметтік және президенттік байланысты, шұғыл қызметтердің желілері мен байланыс құралдарын қоспағанда, уәкілетті органмен өзара іс-қимылда байланыс желілері мен құралдарын басымдықпен пайдалануға, сондай-ақ олардың қызметін тоқтата тұруға құқығы бар мемлекеттік органдардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті.
3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі.
4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК